

Қазақстан

i.

Елім жаста «елім бар деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің мұңлы Абай;
Елім бар, деп айтатын бір туды күн,
Елім бар, деп шыркатайын мен бүгін,
Қойсын енді Қорқыт баба сарнамай.

Асан ата, жел маяна бер тыным,
Сен таппасаң, біздер таптық, жер тыңын.
«Гүл жазира» «Жер ұйықтан» кем бе
екен,

Мына дала, біздер өскен кең мекен,

Қызыл тулы ел—Қазақстан дей тұғын.
Қазақстан дейтін менің елім бар!
Теңсінбейтін қандай ел бар тақаббар?
Ата қанжар жарк-жұрық егіп белінде
Алматының ұлдары жүр Берлинде,
Қазақ сөзін жапондар да болды ұғар.

II

Көкше, Баян, Қарқаралы, Алатау,
Тоңы алтын, түгі торқа жер мынау,
Қарағанды қара қазан қайнаған,
Дүние байлық тұрған жайнап айналам,
Елдігіме етер шүбә қандай жан?!

Дүрсілдейді сонау Балқаш жағасы, —
Баршы өзін жан-тәнімен тындашы:
Түр ғой соғып туған дала жүрегі!
Жеріміз бар хасиетті, киелі
Сен бахытты ата қазақ баласы.

— Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз,
Көнбейміз біз қыйқағына тағдырдың!
—Айтшы дүние, кімге барып бас ұрдық?
Дейміз бүгін азат жігіт, азат қыз.

III.

Қайран менің туып өскен өз елім!
Өмірімдей өрши аққай өзенім.
Артым жақсы, алдым қандай тамаша!
Бөтен елдің падышасы болғанша,
Өз жерімнің терсем артық тезегін.

Қуанамын көрсем атты қазақты,
Ән шырқасын, алшы тастап тымақты;
Қуанамын шапқанына күйғытып,
Қанаттанып, алыс жолды тез ұтып.

Отты көзбен тұрса шолып жан-жақты.
IV.

Туған бала құба, құмда, жер үйде,
Тоқсан томға тояттамай қазірде
Отыр дүние архивтерін ақтарып,
Соны көріп сүйсінемін мақтанып,
Жүрегімнен жыр аламын мен үйде.

Тау қопарған, тауды тауға қотарған,
Нажағайлы қара бұлттан от алған.
Туған жердің салмақтап сом алтынын,
Содан ұғып келешегін халқының,
Сүрген жасты жырлап өтсем, жоқ арман.

V

Кемпір көрем көк өзендей күй төккен,
Шалды көрем жыр ұшырған көкіректен;
Қызымыз бар құралай көз, қара шаш
Жүлкісі күн, сайрап кетсе сандуғаш;
Жігітіміз парapar тас түлекпен.

Қара жерде қылтыңы жоқ бір елміз,
Әрі биік, әрі кеңбіз, тереңбіз,
Әніміз бар алтын жалау сықылды, —
Тік көтерер той думанда жұртымды,
Біз дүниеге мәңгілікке келгенбіз.

VI.

«Қайта айналып келмес саған жыйырма
бес,

Деп өкситін шерлі қазақ біз емес,
Жыйырма бестен—жүзге, мыңға

тартамыз

Көтереді кең даламыз, арқамыз,
Елестесе бір белестен—бір белес.

«Елу жаста елім бар деп айта алмай»,
Кетпес естен күйінгенің мұңлы Абай.
Елім бар, деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шыркатамын мен бүгін,
Зыр жүгіріп, кең даламда, баладай.

Қазақстан!—Дейтін менің бар елім.
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далада ата-баба сәлемін.
Келешекке алып мен де келемін.

Қасым АМАНЖОЛОВ.

Республиканың кен байлығы

* Қазақстанда асыл кендердің 90 түрі бар.

* Жезқазған мен Қоңыраттың ғана жалпы мыс запасы патшалы Ресейдің мыс запасынан 10 есе көп деп есептеледі.

* Түсті металл мен мыстың республикамызда 2100 кені бар,

* Дүние жүзінде мыстың көп шығатын жері 10 ғана. Олардың, ішінде ең, запасы молы — Жезқазған.

* Қоңырат мыс кенінен темір жол арқылы мыс балқыту зауытына әрбір 40—30 минут сайын он мың тонналаған кен тасылады.

* Қазақстанда алтын кенінің саны 50.

* Сирек кездесетін басты-басты кендер республикамыздың 500 жерінде бар, оның зерттеліп, запасы белгіленгені — 150.

* Қара металл кендерінің өзiрге мәлім болған жерлері Қазақстанда 500. Бір ғана Қарсақпай маңында темір кендері жатқан жерлердің аумағы 300 километр.

* Қазақстанда 100 жерден көмір, 60 жерден мұнай шығарылады. 1920 жылға қарағанда, 1944 жылы көмір өнімі 160 рет, мұнай 27 рет артты.